

Қ.А.ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ КАФЕДРАСЫ



АХМЕТ ЯСАУИ
УНИВЕРСИТЕТІ

Тақырыбы: Тері аурулары. Сан есім және оның түрлері

Оқушы: Молдашева.А.А

Жоспар

1

Тері аурулары

2

Сан есім, түрлері

3

Қорытынды



Безеу

Алапес

Тері
аурулары

Қышы
ма

Саңырауқұлақ

Темірет
кі



Безеу

- * Безеу көбінесе 14–16 жастағы балдарда болады. Бұл – жыныстық жетілудің уақытша қосымша әсері. Май бездерінің шығаратын өзегі бітеледі де, оған ауру тудыратын микробтар түсіп, қабынады. Айналасындағы тері тығыздалып, қызарады да кішкентай түйін пайда болады, ол жиі іріңдейді. Олар уақытша пайда болады, бірақ терінің көп бөлігіне жайылып ауыруы мүмкін. Безеу бетті, кеудені, арқаның жоғары бөлігін зақымдайды



* Саңырауқұлақтар тудыратын аурулар-тері ауруларының үлкен тобын құрайды.

Бұл микроорганизмдер денені, бас, аяқ немесе қолды зақымдайды, бірақ көбінесе аяқтың башпайлары зақымдалуы мүмкін. Уақыт өте келе аяқ басының зақымдалған терісі терең жарылып, процесс тырнаққа өтуі мүмкін. Сонымен қатар саңырауқұлақты инфекция табан сүйелінің дамуына себепші болады. Бұл косметикалық кемшілік қана емес, жұқпалы вирус ауруы болып табылады, Саңырауқұлақтар тудыратын аурулар аллергиялық реакциялардың дамуына себепші болуы немесе аллергиялық ауруларды, мысалы, бронх демікпесін асқындыруы да мүмкін

Саңырауқұлақтар тудыратын аурулар адамнан адамға оңай беріледі. Бұл, әсіресе иммунитеті нашар қала тұрғындары үшін өзекті мәселе. Аяқты қысатын аяқкиім кию, қоғамдық моншаға, бассейнге түсу саңырауқұлақтар тудыратын аурулардың таралуына себепші болуы мүмкін. Жоғары ылғалдылық кезінде саңырауқұлақ теріге бөгетсіз енеді



* **Теміреткі - (грекше lichen – жұқпалы 1780) – этиологиясы әр түрлі көптеген тері ауруларының жалпы атауы. Теміреткінің негізгі белгісі – денеде ұсақ түйіндер пайда болып, адам қатты қышынады. Теміреткімен барлық жастағы адамдар ауырады, әсіресе 40 – 60 жас аралығындағы әйелдерде жиі кездеседі. Дерттің дамуына әр түрлі инфекцияның түсуі, организмде жүйке және иммунды жүйелердің бұзылуы, улану және аллергия жағдайлар әсер етеді. Теміреткі алғашқыда дененің кез келген жеріне қызарып, бөртпе болып шығады. Оның беті жылтыр, түйіннің (папуланың) ортасы ойыс, қызғылт күңгірт немесе алқызыл түсті, диаметр 2 – 3 см болады. Түйіннің жылтыр бетіне жарық түсірсе, оның реңі балауыз тәрізді екені анық көрінеді. Бірте-бірте түйіндер бір-бірімен қосылып, бетін ұсақ қабыршақтар жапқан, кішкентай қатпарлы табақшалар құрайды. Осы қатпарлы табақшалардың бетін өсімдік майымен сүрткенде терінің мүйізді қабатында ұсақ, ақшыл түсті нүктелерді және шырматылып жатқан өрмек торын көруге болады (Уикхем симптомы). Дерт жазылып кеткеннен кейін де ауру ошағының орнында тұрақты гиперпигментация (пигменттің шамадан тыс бөлінуі) сақталып қалады. Ауру күшейгенде қышымаға айналып, науқас адам, әсіресе, түнде қатты қышынып, ұйықтай алмай мазасызданады. Теміреткі адамның қолтығы мен шабына, ауыздың кілегей қабатына, білегіне, білезік буындарына санның ішкі жағына, балтырға жиі шығады. Жазылып кеткен теміреткі адам ашуланса, ренжісе, та жағдайларда қайта шығуы мүмкін. Емі: ең алдымен асқазан-ішек жолын, жүйке-психикалық жағдайын тексерістен өткізеді; диета сақтап, витаминге бай тағамды жеу керек; транквилизаторлар, антидепрессанттар, антигистаминдер, вирусқа қарсы препараттар, иммунды модуляторлар қолданылады, тері қабынуын қайтаратын стероидты майларды (синофлан, лоринден, фторокорт, флюцинар) жағу қажет.**



- * **Қышыма - жұқпалы ауру. Ол адамның денесіне қотыр жұқтыратын кененің түсуіне пайда болады. Микроскоппен қарағандағы ақ-қоңырқай түсті, таспақа тәріздес кене. Аталық денесінің ұзындығы 0,2-0,3 мм, ені 0,14-0,19 мм, аналық кененің ені сәл үлкен келеді. Аналық кене ұрықтандырғаннан кейін өледі. Теріге түскен ұрықтанған аналық теріге еніп, сұр-ақ жолақты ирек түріндегі жүріспен терінің үстіне жұмыртқа салады, одан 3-7 күннен кейін личинкалар пайда болады, олар лимфа сатысынан өтіп кенеге айналады. Дамудың бүіл циклы бірнеше аптаға созылады.**
- * **Қышыма сау адамға ауру адамнан жұғады: тығыз қарым-қатнаста болғанда немесе ауру адам пайдаланған киім-кешек, төсе-орын, ыдыс-аяқ, қолғап, шұлық, қол орамал, аяқ киімдерді бірге пайдалану арқылы жұғады. Емшек жасындағы сәбілерге қышыма ауыруы сәбіді күтіп бағуға, тәрбиелеуге қатысы бар адамдардан жұғады.**



- * Алапес (Гансен ауруы) — бұл аса жұқпалы ауру емес, баяу өрбиді, ол ұзақ жылдарға созылады. Алапес онымен ауыратын адамнан аталған ауруға организмі «нашар қарсылық ететін» адамдарға жұғу арқылы тарайды. Алапес кең тараған жерлерде балаларды, әсіресе алапеспен ауыратын адаммен бірге тұратындарды, әр 6-12 айда тексеріп тұрған жөн. Тұтас денеде, әсіресе бетте, қолда, арқада, құйрықта және аяқта ақтандақтың бар-жоғын тексеріңіз
- * Қол мен аяқтың жансыздануы немесе сезімнің жоғалуы, немесе қол мен аяқтың майысып бұзылуы, ақтаңдақта сезіну нашарлайды
- * Жеңіл әлсіздік немесе аяқ пен қол басының майысып, бұзылуы.
- * Тері астында ісінген нервтер пайда болады Олар басқан кезде ауруы да және ауырмауы да мүмкін.

Термин сөздер

Гиперпигментация (*Hyperpigmentatio* - көп + пигмент - шамадан тыс пигменттену) - Дәнекер тканінің құрылымды-функционалдық бірлігі

Сүйел - тері қабатына шығатын, көбінесе жұқпалы болып келетін мүйізді қабықтармен жабдықталған эпидермалық қатерсіз өскіндер

Аллергия -(көне грекше: ἄλλος— басқаша, ergon — әрекет, жауап)- организмнің қоршаған ортаның кейбір әсерлеріне әдеттегіден тыс сезімталдығы

Синофлан, лоринден, фторокорт, флюцинар-теміреткі кезінде жағылатын майлар(мазь)

Уикхем симптомы- терінің мүйізді қабатында ұсақ, ақшыл түсті нүктелерді және шырматылып жатқан өрмек торлар

Сөзжұмбақ шешу





		З					
		а					
		т					
		е					
		с					
		і					
		м					



Бұл сөздер тобын не деп атайды?


Төменге түспей жатып мына ағаштардың бірін таңдап алыңыз. Әрине, қайсысы көзіңізге ерек шетүсті, соның реттік нөміріне қараңыз ●



1. Жомарт және адамгершілігі жоғары жансыз. Сіз үнемі үздік болуға талпынасыз. Кеудемсоқтық қасиетіңіз де жоқ емес. Жұрт сырттай сізбен тіл табысу қиын деп түсінеді. Олай емес, тек сіз өзіңізбен-өзіңнің табысуыңыз оңай шаруа емес. Сіз үнемі белсенді жұмыс атқарасыз. Бірақ өзімшіл емессіз. Сіз өз әлеміңізді әдемілендіру үшін тынбай жұмыс жасайсыз. Сіз біреуді жаныңызға жара салғанша жақсы көресіз. Ал содан кейін... содан кейін де жақсы көруден танбайсыз. Сіздің ісіңіздің қадіріне жетіп жүрген жандар аздау.
2. Еліктіргіш және шыншыл адамсыз. Сіз біреуге көмектесуге қашан да даяр тұратын жауапкершілігі жоғары жансыз. Сіз адал жұмыс жасауды жақсы көресіз. Қандай да бір жұмысты өз міндетіңізге алудан қашпайсыз. Сіздің мінезіңіз көпке ұнамды. Сізде үнемі көптің көңілінен шығатын қызықты әңгіме таусылмайды.
3. Ақылды және ойшыл жансыз. Сіз сөзсіз ой адамысыз. Сіздің идеяңыз бен ойларыңыз өте маңызды. Сіз жалғыз қалғанда көп ойға берілесіз. Өзіңіздей үнемі ой үстінде жүретін жандармен сұхбат құрудан қашпайсыз. Сіз өзіңіз дұрыс деп жасаған нәрсені жасайсыз. Оған көпшілік бір ауыздан келісе қоймауы да мүмкін.
4. Зерек жансыз. Сіз өз ортаңызда сирек кездесетін жалғыз адамсыз. Сізбен қатар тұрар жан жоқ. Тіпті сізбен салыстыруға тұрарлық жан да... Сізді көбі дұрыс түсіне бермейді. Сондықтан ондай жандардың ісі сізді үнемі ренжітеді. Сізге жеке кеңістік құру қажет. Шығармашылығыңызды байыта түсіңіз. Өйткені жұрт сізді шығармашылығыңыз үшін де қадірлейді.
5. Сенімді жансыз. Сіз тәуелсіз жансыз. "Бәрін өзім жасаймын" деген қағиданы ұстанасыз. Тек өзіңізге ғана сенесіз. Сіз жақындарыңыз үшін қалай сенімді болудың құпиясын білесіз. Жұрттардан бар тілеріңіз - олардың сізге адал болуы. Өйткені сіз адал адамдарды бағалайсыз, шындықты сүйесіз.
6. Мейірімді және сезімтал жансыз. Сіз адамдармен оңай қарым-қатынас орнатасыз. Досыңыздың саны көп. Олардың өмірін жақсарту үшін қолыңыздан келгенін аянып қалмайсыз. Сіз бар жерде кейбіреулер өздерін артық сезінеді. Сіз махаббатқа сенесіз, онсыз өмірдің мәні жоқ деп ұғасыз.
7. Бақытты және өзін-өзі еркін билейтін жансыз. Сіз адамдарды айтқызбай-ақ ұғатын кішіпейіл адамсыз. Әр адам өмірде өз жолын салуы керек деп түсінесіз. Сіз кез келген шараны, оқиғаны да қорқынышсыз қарсы аласыз. Көп мазаланатыныңыз тағы бар. Үнемі бос уақытты тиімді өткізесіз.
8. Әдемі және қайратты жансыз. Сіз көңілді де күлдіргі адамдардың қатарынансыз. Егер әңгіме қандай да бір оқиға жайында өрбіп жатса, үнемі "Қолдаймын" деп қол көтеруге дайын жүресіз. Сіз таңқалудан да, таңдандырудан да жалықпайсыз. Бәрін біліп алғыңыз келіп тұрады. Егер сізге бір нәрсе қызық болса, соның жай-жапсарын анықтағанша байыз таппайсыз.
9. Жолы болғыш адамсыз. Сіз үшін өмір - сыйлық. Сол сыйлықты сәтті пайдалану керектігімен бас қатырасыз. Өмірде қолыңыз жеткен жетістікпен марқаясыз. Жаныңызға жақын жанмен бар қуанышты бөлісуге әзір тұрасыз. Кешіре де, кешірім сұрай да аласыз

АНАГРАММА «М»

М



1. ...қонысын іздейді,
Ер туысын іздейді.
2. Бір кісінікі – ...
Екі кісінікі – ақыл.
3. ... түсін танығанша,
Бірдің атын біл.
4. Іздеген жетеді.
5. Мылтық атқанның
бәрі ... емес.
6. Озу – ...
Қалу – ұят.

7. Ат қартайса,
жасқаншақ болады,
Ер қартайса, ...
болады.
8. ... асқанға бір
тосқан.
9. өзін бір алдайды,
Өзгені екі алдайды.
10. Еңбек түбі –
береке,
Көптің түбі –

Сан есім

* Сан есім - заттың санын, мөлшерін, ретін, шамасын білдіретін сөз табы және Қанша? Неше? Нешінші? Нешеу? деген сұрақтарға жауап береді.

1

5

424

96

Сан есімдер құрамына қарай

1

Дара сан есім бір ғана түбірден тұрады.
Мыс:(отыз,бес,елу,алты)

2

Күрделі сан есім кемінде екі сөзден тұрады.Мыс:(он
бес,төрт жүз,жүз бес)

Сан есім мағынасына қарай

1

Септік сан есім нақты санды білдіреді. Сұрағы: қанша? неше? Мыс: бес, он екі, жиырма

2

Реттік сан есім заттың реттік қатарын білдіреді. Сұрағы: нешінші? Мыс: бірінші, он екінші

3

Жинақтық сан есім жинақталған санды білдіреді. Сұрағы: нешеу? Мыс: бесеу, екеу, төртеу

4

Тау сан есім заттың санын топтап көрсетеді. Сұрағы: нешеден? Мыс: үштен, он-оннан, екеуден

5

Болжалдық сан есім заттың санын болжап көрсетеді. Сұрағы: қанша? қай шамалы? Мыс: отыздарда, он шақты

6

Бөлшектік сан есім заттың бөлшектік санын білдіреді. Мыс: $1/2$ (екіден бір) $2,5$ (екі жарым)

ТЕСТЖҰМЫСЫ

* 1. Сан есімнің ережесін тап.

- * а) Заттың атын білдіретін сөздерді сан есім дейміз.
- * ә) Заттың сынын білдіретін сөздерді сан есім дейміз
- * б) Заттың санын білдіретін сөздерді сан есім дейміз

* 2. Реттік сан есімді тап

- * а) бесінші
- * ә) жиырма бес
- * б) сегіз

* 3. Сан есімнің сұрақтарын көрсетіңіз

- * а) не істеді?
- * ә) қанша?

* б) қандай?

* 4. Сан есімді табыңыз

- * а) шөп
- * ә) кітап
- * б) он

* 5. Күрделі сан есімді табыңыз

- * а) отыз алты
- * ә) жеті
- * б) екінші

* 6. Реттік сан есімнің сұрағын табыңыз

- * а) қанша?
- * ә) неше?
- * б) нешінші?

* 7. Алты, жеті, отыз бұлар қандай сан есімдер

- * а) реттік
- * ә) есептік
- * б) күрделі

* 8. Қай сөйлемде сан есім емлеге сай жазылған?

- A) 1845-жылы ұлы Абай дүниеге келген.
- B) Жолдастарымның кеткеніне екі үш күн болды.
- C) Сағат 6 ға 10 минут қалған кезде Азамат пәтерінен шықты.
- D) 30-40-тай адам жиналған екен.
- E) Біз 2-еу едік.

* 9. Есептік сан есім қатысқан сөйлемді табыңыз.

- A) Күллі ақыл мен ғылымды тоздыратуғын төрт нәрсе бар.
- B) Құдасының аулына Ұлжан отыз шақты кісімен келді.
- C) Арада жыл жарым өтті.
- D) Бір үйден он бес-жиырмадан мал өреді.
- E) Мен 11-сыныпта оқимын.

* 10. Дара сан есімді табыңыз.

A) үшінші B) отыз бес C) бестен-бес D) төрттен-бір E) екі-үш

* 11. Сан есімді тіркесті табыңыз.

- A) үйдің іші B) ондаған адам C) данагөй қария
- D) әлденеше күн E) әжептәуір жақсарыпты

* 12. Топтау сан есім қатысқан сөйлемді табыңыз.

- A) Мен қазақпын мың өліп, мың тірілген.
- B) Оның жасы қырықтарда.
- C) 1910 жылы Қазанда «Бақытсыз Жамал» романы басылып шықты.

D) бір қатарға он-оннан тізіле қалды.

E) Үш өлшем бар: биіктік, тереңдік және кендік.

* 13. Баяндауыш қызметіндегі сан есімді табыңыз.

- A) Той өтті үшеуімізді күрсіндіріп.
- B) Екі жастың қуанышы тойланды.
- C) Сіз бірінші орынға адамзаттың қара күшін қойдыңыз.
- D) Екеуіне сүйсінумен өтермін.
- E) Ән айтатын өнерпаздар – осы үшеуіміз.

* 14. Сан есімнің сөйлемде атқарған қызметін анықтаңыз.

«Жеті жұрттың тілін біл»

- A) пысықтауыш B) анықтауыш C) бастауыш D) толықтауыш E) баяндауыш

Назар аударғандарыңызға рахмет!!!

